

## "Қарқаралы ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 6 наурыздағы № 74 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 2 сәуірде № 3106 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 3 мамырдағы № 107 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімдігінің 03.05.2016 № 107 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес, Қарқаралы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген "Қарқаралы ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарқаралы ауданы әкімі аппаратының басшысының міндетін атқарушы Д.Ж. Әзімхановқа жүктелсін.
3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарқаралы ауданының әкімі	К.М. Максұтов
---------------------------	---------------

Қ а р қ а р а л ы ә к і м д і г і н і ң 2 0 1 5 № 74 қаулысымен бекітілген	ж ы л ғ ы	6	н а у р ы з а у д а н ы н ы ң
---	-----------	---	----------------------------------

## "Қарқаралы ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі

### 1. Жалпы ережелер

1. "Қарқаралы ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі (әрі қарай – Білім бөлімі) аудан аймағында білім төңірегінде мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін, білім саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Білім бөлімі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Білім бөлімі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Білім бөлімі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Білім бөліміне егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Білім бөлімі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Қарқаралы ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Білім бөлімі құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 100800, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қарқаралы қаласы, Ә. Бөкейханов көшесі 55.

9. Мемлекеттік органның толық атауы: "Қарқаралы ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже "Қарқаралы ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Білім бөлімінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

12. Білім бөлімі кәсіпкерлік субъектілерімен Білім бөлімінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Білім бөліміне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

13. Білім бөлімінің миссиясы: сапалы білім беру қызметін көрсету, білім саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

14. Міндеттері:

1) аудан азаматтарының білім алуға конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету;

2) мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру;

3) ауданда білім беру жүйесінің қызмет етуін мемлекеттік қамтамасыз ету және оны өзгеріп жатқан қоғамның қажеттіліктеріне және қоғамның дамуының жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларына сәйкес әлеуметтік қорғау;

4) білім берудің аймақтық жүйесін қаржылық қамтамасыз етуін талдау, білім саласында мақсаттық бағдарламаларды қаржыландыру сұрақтары бойынша аудан әкімдігіне ұсыныстар енгізу, бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы есептер құрастыру, орта мерзімді мемлекеттік салалық және аймақтық бағдарламалардың өңделу сатысында инвестициялық ұсыныстарды енгізу арқылы білім саласында мемлекеттік қаржылық, инвестициялық, инновациялық саясаттың жүзеге асуын қамтамасыз ету.

#### 15. Функциялары:

1) білім мекемелерінің құрылуы, қайта құрылуы және жойылуы туралы ұсыныстарды белгіленген тәртіппен Қарқаралы ауданының әкімдігіне енгізеді;

2) мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың есебін жүргізеді және олардың орта білім алуына дейінгі оқуын және тәртібін ұйымдастырады;

3) мектеп алды даярлық, мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру, негізгі орта, кешкі (ауысымды) оқытуды және интернат үлгісіндегі ұйымдар арқылы жалпы орта білімді қосқанда, жалпы орта білім беруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

4) балалар үшін қосымша білім беруді қамтамасыз етеді;

5) оқушылардың ұлттық бірінғай тестілеуіне қатысуын ұйымдастырады;

6) жалпы білімдік пәндер бойынша аудандық, мектептік олимпиадалардың өткізілуін ұйымдастырады;

7) ата – анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандарға қорғаншылық және қамқоршылықты ұйымдастырады, оларды балалар үйіне немесе интернаттық ұйымдарға анықтайды;

8) ата – анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға, белгіленген тәртіпте, мемлекеттік қамсыздандыруды жүзеге асырады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте, оқушылардың жеке санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтануды ұйымдастырады;

10) білім беру ұйымдарына оқулықтар мен оқу - әдістемелік кешендерін сатып алу мен жеткізілуін қамтамасыз етеді;

11) Білім бөлімі мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің заңды актілеріне, Қазақстан Республикасының басқа да нормативті-құқықтық актілеріне сәйкес негізгі қызметі мен міндеттерін жүзеге асыруға қажетті іс-шараларды құрастырып, іске асырады және өткізеді.

#### 16. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз функцияларын орындау мақсатында белгіленген тәртіп бойынша

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, мекемелерден, кәсіпорындардан және лауазымды тұлғалардан қажетті ақпаратты алуға;

2) мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың қызметшілерін келісім бойынша мекеме құзіретіне жататын мәселелерді дайындауға қатыстыру, тиісті ұсыныстар әзірлеу үшін уақытша жұмыс топтарын құруға;

3) мемлекеттік органдардың білім саласында қызметін ұйымдастыруды жетілдіру туралы ұсыныстар енгізуге, мекеменің құзырына жататын мәселелер бойынша ақпараттық - талдау және өзге де материалдардық дайындауды жүзеге асыруға;

4) тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға мекеме қызметінің аясына жататын тапсырмалар беруге, олардың орындалуын бақылауға, сондай-ақ орталық және жергілікті атқарушы органдар жүргізетін сұрақтар туралы қатысуға ұсыныстар енгізуге;

5) адам құқықтары мен өзге де сұрақтар сақталған, білім мәселелері құзіретіне кіретін, білім мекемесінің лауазымды тұлғаларына ұжымдық, әдестемелік, ақпараттық және басқа да көмек көрсетуге.

### **3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру**

17. Білім бөліміне басшылықты жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

18. Білім бөлімінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке аудан әкімімен тағайындалады және қызметтен босатылады.

19. Білім бөлімінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) мекеменің жұмысын ұйымдастырады, оған басшылық жүргізеді және мекемеге жүктелген тапсырмалардың орындалуына дербес жауапты болады;

2) өз қызметін бірінғай басшылық принципімен атқарады және Қазақстан Республикасының Заңдары мен осы Ережеде белгіленген өзінің құзіретіне сәйкес мекеме мәселелерін дербес шешеді;

3) мекеме қызметкерлерінің және білім беру ұйымдарының басшыларының функционалдық міндеттері мен өкілеттіктерін бекітеді;

4) мекеменің алда тұрған және ағымдағы жұмыс жоспарларын бекітеді;

5) мекеме қызметкерлеріне марапаттау, көтермелеу шараларын және тәртіптік жаза қолданады;

6) барлық қызметкерлер үшін орындауға міндетті бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді және қызметтік құжаттарға қол қояды;

7) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мектепке дейінгі

тәрбие және білім беру ұйымдарының, мектептен тыс ұйымдар мен орта білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық негізде тағайындайды және қызметтен босатады;

8) азаматтармен жеке қабылдау жүргізеді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша ісшараларды ұйымдастыруға дербес жауапты болады;

9) мекеме атынан сенімхатсыз іс әрекет етеді;

10) ұйымдарда, мекемелерде және меншік нысанына қарамастан барлық кәсіпорындарда мекеменің мүддесін қорғайды;

11) шарттар жасасады;

12) сенімхаттар береді;

13) мекеменің іс-сапар, тағылымдар, республикалық және шетелдік оқу орталықтарында және біліктілікті көтерудің басқа да түрлері бойынша мекеме қызметкерлерін оқытудың тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

14) Қазақстан Республикасы заңнамаларында, осы Ережеде жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

Білім бөлімінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

#### **4. Мемлекеттік органның мүлкі**

20. Білім бөлімінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Білім бөлімі мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Білім бөліміне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Білім бөлімі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

23. Білім бөлімін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.